

15 ҚАҢТАР,
2026 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№4 (23 618)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жасанды интеллект
және Қарағанды

3-бет



Дәуір дарабозы

5-бет



Жүректегі
мөлдіреген естелік

8-бет



• ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Әлеуметтік бағдар әлеуетті арттырады

Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өңірдің әлеуметтік саласын дамыту мәселелері қаралды. Жиынға әлеуметтік бағыттағы салалық министрліктердің өкілдері және облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау саласы бойынша ведомство өкілдері медициналық қызметтің сапасы мен алғашқы медициналық көмектің рөлін арттыруға басымдық берілетінін атап өтті. Сонымен қатар, жүйе тұрақтылығы тек қаржыландыру мен инфрақұрылымға ғана емес, аурудың алдын алу, ерте анықтау және халықпен ашық әрі тығыз байланыс орнатуға да тікелей байланысты екені айтылды. Осындай кешенді тәсіл денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені азайтып қана қоймай, азаматтардың медициналық ұйымдарға деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

– Денсаулық сақтау саласы өзара тығыз байланыста жұмыс істейтін біртұтас жүйе болуға тиіс. Алғашқы медициналық көмек, профилактика, ауруларды ерте анықтау және көрсетілетін қызметтің сапасы бір жүйе ретінде жұмыс істегенде ғана нәтиже болады.



► 2-бет

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Кәсіпорындар үшін маңызды мерзім

Отандық тауар өндірушілер 31 қаңтарға дейін онлайн реестрге тіркелуі тиіс. Белгіленген мерзімде тіркеуден өтпеген жағдайда, кәсіпкер лицензиясынан айырылу қаупіне ұшырайды. Бұдан бөлек, мемлекеттік қолдау шаралары тек аталған реестрге енгізілген кәсіпкерлерге ғана көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алу үдерісіне қатысу үшін де онлайн реестрде тіркелу – міндетті талап. Реестрге тіркелу e-onidiris ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін кәсіпкер өндіріс орнының бар екенін растайтын құжатты жүйеге жүктеуі қажет. Қалған мәліметтер тиісті мемлекеттік дерекқорлардан автоматты түрде алынады. Реестрге енгізілген кәсіпкерлердің қызметі уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан тұрақты түрде мониторингтен өткізіліп отырады.

– Осылайша мемлекеттік көмек шынында өндіріс орны бар кәсіпкерлерге ғана көрсетіледі. Айта кету керек, жаңадан өндіріс орнын ашқан кәсіпкерлер реестрге кез келген уақытта тіркеле алады. 31 қаңтарға дейін деп отырғанымыз – бұрыннан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға қатысты, – дейді Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің департамент директоры Айдын Рақымжан.

Диқанға дрон көмектеседі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылы Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Жақында ғана «Turkistan» газетіне берген сұхбатында да Жасанды интеллектіні қоғамның әр саласына кенінен енгізудің айрықша маңызына тоқталды. Осы бағыттан келгенде аймақтағы агроғылымның жаңалығы бар. Енді, диқандардың қолы ұзарды. Қарағандының егістік алқаптарында дрондар ұшатын болады. Шаруа иелері пәленбай гектар жердің топырақ құнарын құстай ұшатын құрылғы арқылы анықтай алады.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан, мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Биыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін», – деді Президент сұхбатында.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ғалымдары мен түлектері негізін қалаған AgroSky стартапы ауыл шаруашылығына жаңа көзқарас әкелді. Егістік жайын дрондар бақылап, ал шешімді жасанды интеллект ұсынады. Осылайша, аймақтың агромамандарына айтулы жаңалық қуаныш сыйлағалы отыр.

Ғалымдар спутниктік түсірілімдерді агросалаға бейімдеу арқылы алқаптағы мәселелерді көрсететін әдіс ойлап тапқан. Мысалы, 1 мың гектарды диқан көзбен



көріп шыға алмайды. Ал, ғалымдардың жасанды интеллектіге негіздеген бұл әдісі оның әрбір бұрышын анық көрсетіп береді. Мультиспектрлі дронды дәлдік үшін пайдаланады.

AgroSky-дың басты артықшылығы – болжамға емес, нақты дерекке сүйенуі. Арнайы озық технологиямен жабдықталған дрондар егістік алқаптарын әуеден жүйелі түрде шолып, көзге көрінбейтін топырақтағы және басқа да өзгерістерді қалт жібермейді. Мультиспектрлі бейнелер арқылы топырақтың құнары, өсімдіктің дамуы, ылғал мен қоректік элементтердің таралуы толық картаға түседі. Ал бұл мәліметтер онлайн платформада

жасанды интеллект арқылы өңделіп, фермерлерге дайын шешім ретінде ұсынылады.

Яғни жүйе қай жерге су жетпей жатқанын, қай алқапқа тыңайтқыш артық берілгенін, қай аумақта егіннің солып тұрғанына дейін дәл көрсетіп береді. Соның арқасында су, тыңайтқыш пен жанармай босқа жұмсалмайды. Жобаның дерегінен, AgroSky технологиясы шығынды 30 пайызға дейін қысқартып, өнімділікті 10-15 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Бұл – бүгінгі құбылмалы климат кезеңінде фермер үшін ауадай қажет дүние.

Жобаның тиімділігі нақты тәжірибеде де дәлелденді. Биыл жазда Қарағанды

өңіріндегі Жартас ауылының маңында алғашқы ғылыми-тәжірибелік әуебақылау жүргізілді. Дрондар жинаған деректер егістіктің жай-күйін толық ашып көрсетті.

– Біз мультиспектрлі деректер негізінде егістік алқаптарының егжей-тегжейлі картасын жасадық. Ол фосфор, азот, калий мен көміртектің шоғырланған аймақтарын, сондай-ақ, агрономиялық стресс белгілері байқалған учаскелерді анықтауға мүмкіндік берді. Бұл – жүйені жетілдіру мен алгоритмдерді нақтылау үшін аса маңызды ғылыми база, – дейді жобаның ғылыми жетекшісі Дмитрий Ожигин.

AgroSky-дың әлеуетін тек жергілікті фермерлер ғана емес, халықаралық сарапшылар да жоғары бағалап отыр.

2025 жылы стартап GCIP 2025 (Global Cleantech Innovation Programme) бағдарламасына қатысып, қатаң іріктеуден өтті. Шамамен 250 жобаның ішінен таңдап алынған 50 үздік команданың қатарынан көріну қарағандылық жобаның маңыздылығын айғақтайды.

– Акселерациялық бағдарлама бізге тек білім ғана емес, нақты бағыт берді. Идеяны өнімге айналдыруға, дамудың айқын стратегиясын жасауға көмектесті, – дейді команда жетекшісі.

Бүгінде AgroSky жай ғана технологиялық жаңалық емес, қазақстандық агро-сектордың болашағына жасалған инвестиция. Дрон мен жасанды интеллектті дала тіршілігіне икемдеген жас ғалымдар мен инженерлер диқан еңбегін жеңілдетіп қана қоймай, ауыл шаруашылығын тиімді, үнемді әрі тұрақты салаға айналдыруға жол ашып отыр.

– Біз – AgroSky командасымыз. Дрондар арқылы алынған суреттерді пайдалы карталар мен нақты кеңестерге айналдырамыз. Бұл карталар фермерге қай жерге тыңайтқышты көбірек немесе азырақ беру керектігін, егіннің қалай өсіп жатқанын және болашақ өнім көлемін алдын ала білуге



**ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...**

көмектеседі. Біздің мақсатымыз – әр гектар жердің тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасау, шығынды азайтып, табысты көбейту. Өзіміз жасаған технологияның, далалық сынақтардың және агробағдарламалармен байланыстың арқасында нәтиже тез дайын болады. Дрон ұшқаннан кейін фермер жеке кабинетіне кіріп, дайын карталар мен ұсыныстарды бірден көре алады, – дейді агроном-эксперт Артур Аббазов.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы айқындаған цифрландыру мен жасанды интеллект бағыты Қарағанды өңірінде нақты нәтижеге айналып отыр. AgroSky стартапы – ғылым, технология және ауыл еңбегінің тоғысқан тұсы. Дрон мен жасанды интеллектіні егістікке бейімдеген бұл жоба диқандардың көзін ашып, қолын ұзартты. Мыңдаған гектар алқапты бір сәтте талдап, нақты дерекке сүйенген шешім ұсыну – агросаладағы бұрын-соңды болмаған серпіліс.

AgroSky тәжірибесі көрсеткендей, жасанды интеллект – шығынды азайтып, өнімділікті арттырып қана қоймай, құбылмалы климат жағдайында фермердің сенімді серігіне айналып отыр. Қарағандылық жас ғалымдардың бұл бастамасы еліміздің агроөнеркәсіп кешенін тиімді, үнемді әрі тұрақты дамытуға жол ашады. Демек, цифрлы далаға бет алған Қазақстан үшін AgroSky секілді жобалар – стратегиялық маңызы зор қадам.

*Сурет компанияның
сайтынан алынды*

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 594.67

•USD/KZT 509.75

•RUB/KZT 6.46

•CNY/KZT 73.07

Қазақстан Ұлттық Банкінің
14 қаңтар, 2026 жылғы дерегі бойынша

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жаңғырған үй, жаңарған өмір салты

Облыста көпқабатты тұрғын үйлер мен жеке сектордағы инфрақұрылым мәселелері жүйелі түрде шешіліп келеді. Бұл жұмысқа аймақтың әр тұрғыны тікелей қатыса алатын деңгейге жетті. Аталған өзгерістер мен жаңғырту жобаларын жүзеге асырушы – Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы.

Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы

Атқарылған жұмыстар Жеке тұрғын үйлерді газдандыру

- 2025 жылы Қарағанды мен Теміртау қалаларында **560 үй** орталық газбен жабдықтауға қосылды
- Үш жыл ішінде газға барлығы шамамен **1200 үй** қосылды
- Газға қосылуға арналған қолжетімді несие – **5 жылға дейін**
- Ай сайынғы төлем – **10 мыңнан 17 мың теңгеге дейін**

Сурет облыс әкімінің сайынан

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық бірнеше жылдан бері облыс тұрғындары үшін нақты көмек пен оң шешімдердің мекеніне айналды. Шатырлар мен қасбеттерді жөндеу, ескі лифтілерді ауыстыру, инженерлік желілерді жаңарту сынды тұрғын үй инфрақұрылымына қатысты өзекті мәселелер орталық арқылы жүйелі түрде іске асуда. Өз қаражаты есебінен мұндай жұмыс жүргізуге мүмкіндігі жоқ тұрғындар үшін бұл тиімді.

Орталық қызметіндегі сұранысқа ие бағыттың бірі – жеке тұрғын үйлерді газдандыру. 2025 жылы осы бағдарлама аясында Қарағанды және Теміртау қалаларында 560 отбасы орталық газ жүйесіне қосылды. Бұл бастама тұрғындар арасында ерекше қолдау тауып отыр. Себебі, бағдарлама шарттары қолжетімді. Несие 5 жыл мерзімге беріледі, ал, ай сайынғы төлем 10-17 мың теңге аралығында. Бұл – талай отбасы үшін тиімді әрі ыңғайлы шешім. Соңғы үш жылда газға қосылған үйлер саны 1200-ге жуықтады.

Газдандыру тек тұрмыстық жайылылықты ғана емес, экологиялық жағдайды да жақсартуға мүмкіндік береді. Мысалы, Пришахтинскідегі Шахтер кентінде 56 көпқабатты үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылды, бұл өз кезегінде пешпен жылытудан бас тартуға және ауаның ластануын азайтуға әсер етті.

Орталық ескірген лифтілерді де ауыстырады. Бұл жұмыстар айналым қорының қайтарымды қаражаты мен лифт компанияларының инвестициялары арқылы жүзеге асырылады. 2025 жылы Қарағанды мен Теміртауда 31

жаңа лифт орнатылса, қосымша 20 лифт жаңартылған. Алдағы 2026 жылға 25 лифтіні орнату жоспарда.

– Бұл – тек техникалық жаңарту ғана емес, тұрғындардың күнделікті қауіпсіздігі мен өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыс, – дейді орталық директоры Данияр Дүйсембаев.

Орталық көпқабатты үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын қаржыландыру ісін де белсенді түрде жүзеге асырып келеді. Бағдарлама қолға алынғаннан бері облыста 300-ден астам үй жаңғыртылды. Биылдың өзінде кезекте тұрған 8 үйге жөндеу жүргізу жоспарланған. Жөндеуге өтініш берген тұрғындарды орталық толық сүйемелдейді. Яғни, жобалаудан бастап, жұмыс аяқталғанға дейінгі барлық процесті қамтиды.

Тұрғын үйді жаңғырту – тұрғындардың өз мүлкіне деген көзқарасын өзгертетін фактор.

– Қазір тұрғындардың мүлікке деген жауапкершілігі арта бастады. Тиімді меншік несінің психологиясы біртіндеп қалыптасуда. Біз тұрғындарға тандау береміз: олар қаражатты өздері жинай алады немесе бізден ең төмен пайызбен несие рәсімдеп, жұмысын бастады, – дейді Данияр Дүйсембаев.

Орталық шатырларды, қасбеттерді, су және жылу құбырларын, электр желілерін жөндеуге өтінімдер қабылдап, жобаларды іске асырудың барлық кезеңінде техникалық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді. Бұл облыс бойынша тұрғын үй қорын кешенді жаңартудың тиімді тетіктерінің бірі ретінде өз нәтижесін беріп келеді.

Әлеуметтік бағдар әлеуетті арттырады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан, өңірдегі басшылардың жауапкершілігі мен медициналық ұйымдардың жұмысына тұрақты бақылау ерекше маңызды, – деді вице-премьер.

Отырыста әлеуметтік саясаттағы өзекті мәселелер де көтерілді. Бұл салада халықтың сенімі нақты ережелер мен тиімді басқаруға тікелей байланысты екені айтылды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев атаулы әлеуметтік қолдауға көшу және өңірлік төлемдерді біріздендіру мәселелеріне тоқталды. Өзгерістерді енгізу барысында әрбір азаматқа жеке түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жергілікті деңгейде барлық үдерістерді дұрыс жолға қою маңызды екені сөз болды. Себебі адамдар үшін қандай өзгеріс болып жатқанын, оның себебі мен өздеріне қалай әсер ететінін нақты түсіну аса маңызды.

Білім беру саласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың қолжетімділігі, маман тапшылығы мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мәселелеріне баса назар аударылды. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2-6 жас аралығындағы балалардың 90,9%-ы балабақшамен қамтылғанымен, әлі де 25 мыңнан астам балаға орын қажет. Аида Балаева кәсіргі білім беру тек мектеп пен балабақша санына ғана емес, оқыту сапасына, білікті кадрларға және балалармен жұмыс істеудегі заманауи



тәсілдерге де байланысты екенін атап өтті.

Өңірдегі кадр даярлау мен ғылымды дамыту мәселесі де назардан тыс қалмады. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек еңбек нарығына қажетті мамандарға болжам жасауға мүмкіндік беретін ұлттық сауалнама жүргізіліп жатқанын хабарлады. Мұндай шаралар кадр саясатын нақты жоспарлауға және жоғары оқу орындары мен колледждердегі білім беру бағдарламаларын технологиялық өзгерістерге сай уақытты бейімдеуге жол ашарды. Бұл ретте білім беру жүйесі

мен еңбек нарығы біртұтас механизм ретінде жұмыс істеуі тиіс.

Сонымен қатар, туризм мен бұқаралық спортты дамыту мәселелері талқыланды. 2025 жылғы 9 ай қорытындысы бойынша өңірде 370 мың туристке қызмет көрсетілген, жалпы табыс 8 млрд теңгеге жеткен. Аталған саланы одан әрі дамыту үшін инфрақұрылымды жетілдіру, туристік аймақтарды әр маусымға дайындау және демалыс орындарындағы қоғамдық қауіпсіздікті күшейту қажет екені айтылды.

Кездесу соңында Аида Балаева ведомстволарлық өзара бай-

ланысты күшейтіп, өңірлік деңгейде әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыруды тапсырды. Басым бағыттардың қатарында денсаулық сақтау саласында профилактика шараларын күшейту, әлеуметтік қолдау тетіктерін нақтылау, білім беру жүйесін цифрландыру, экономиканың сұранысына сай кадр даярлау, сондай-ақ, мәдени орта мен бұқаралық спортты дамыту өмір сапасын арттырудың ажырамас бөлігі ретінде айқындалды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• РЕСМИ

Салық жүйесіндегі соны мүмкіндік

Елімізде салық жүйесінде жаңа кезең басталды. Мемлекеттік кірістер комитеті еліміздегі жеке кәсіпкерлер мен шаруашылық иелеріне маңызды хабарлама жасады. Нақты айтсақ, 1 наурызға дейін салық режимін өзгерту мақсатында берілген есептілікті кері қайтарып алу мүмкіндігі бар. Бұл шешім – өтпелі кезеңге тән ерекше мүмкіндік және оны тиімді пайдалану маңызды.



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді, кәсіпкерлер мен жеке кәсіп иелері өздерінің есептілігін берілген ақпараттық жүйе арқылы кері қайтарып, жаңа салық ре-

жимін тандай алады. Комитет мәлімдегендей, бұл функционал тек салық режимін уақытты тандау немесе жеке кәсіпкер ретінде қызметті тоқтату мақсатында ғана қолданылады. Мұндай мүмкіндік жана Салық кодексінде

бұрын қарастырылмаған еді, сондықтан, оны дұрыс пайдалану – аса маңызды.

Айта кетейік, бастапқы Салық кодексінде есептілікті кері қайтаруға жол берілмеген болатын. Тек тауарларды әкелу және жанама

Табиғатпен үйлесімділік жолында

Облыста қоршаған ортаны қорғау саласындағы нақты іс-шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар 2027 жылға дейін жоспарланған үш жылдық кешенді бағдарлама аясында атқарылуға тиіс. Өңір экологиясын жақсарту мақсатында су қоймаларын жаңғырту, өзендерді санациялау, тазарту құрылыстарын жетілдіру, жасыл желек көлемін ұлғайту, қалдықтарды басқару жүйесін жақсарту сынды бірқатар маңызды жобалар қолға алынған.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама шеңберінде су қоймаларын жаңарту мен жөндеуге басымдық берілуде. Төтенше жағдайлардың алдын алу, су ресурстарын тиімді пайдалану және ауыл шаруашылығын қолдау мақсатында өткен жылы Бұқар жырау ауданындағы Тоғызқұдық пен Жастілек су қоймалары толық жөндеуден өтті. Биыл бұл жұмыс Шет ауданындағы Танатпай, Ақтұмсық және Мұхтар су қоймаларында жалғасуда. Алдағы кезеңде Ботақара, Тимирязево, Босаға және Ақжар су қоймалары жөнделмек. Бүгінде бұл жобалар мемлекеттік сараптамадан өтуде. Одан бөлек, 13 су қоймасына техникалық тексеру жүргізіліп, жобалық-сметалық құжаттар дайындалады.

Бұл жұмыстар тек су тапшылығының алдын алып қана қоймай, су ресурстарын ауыл шаруашылығы мен рекреациялық мақсатта тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Облыс көлемінде су тазарту инфрақұрылымын жаңарту да қатар жүргізілуде. Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Саран қалаларында, сондай-ақ, Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы және Шет өңірлерінде 15 нысанда тазарту құрылыстары мен кәріз желілері кайта жаңартылууда. Бұл жобалар 2026-2027 жылдар аралығында аяқталуы тиіс.

Экологиялық саясаттың маңызды бөлігі – өзендерді санациялау. Өткен жылы Тоқырауын өзенінде тазарту жұмыстары толық аяқталды. Үлкен Бұқпа өзеніндегі жоба да сәтті жүзеге асырылып, санация кезеңі аяқталған, енді тазарту құрылыстарын орнату ғана қалды. Сондай-ақ,



Сурет облыс әкімінің сайынан

Осакаров ауданында Үлкен-Құндызды, Сабыр-Қожа және Қарғалы өзендері тазартылууда. Биыл бұл бағыттағы жұмыс Нұра өзенінің Волховское және Молодецкое учаскелерінде, сондай-ақ, Соқыр және Шерубай-Нұра өзендерінде жалғасады.

Өңірдегі гидрологиялық жағдайды бақылау мақсатында Нұра мен Тағды өзендерінде екі жаңа гидропост орнатылды. Бұл жаңалық өзендердің су деңгейін нақты бақылауға, су тасқынының алдын алуға және ресурстарды тиімді жоспарлауға жол ашарды.

Балқаш қаласында Бертис шығанағын тереңдету және тазарту жобасы басталды. Алдағы үш жылда су айдыны үш метрге дейін тереңдетіледі. Бұл жоба Балқаш көлінің экосистемасын қалпына келтіріп, су айналымын жақсартуға бағытталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, облыста жасыл желек көлемін арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. «Таза Қазақстан» акциясы аясында 450 гектарға 1,6 миллионнан қарағай, жөке, үйеңкі тәрізді ағаш көшеттері



отырғызылды. Сонымен қатар, көшет материалдарымен өзін-өзі қамтамасыз ету үшін питомниктердің қуаты кеңейтіліп жатыр. Орман қорғау жұмыстары күшейіп, жаңа техникалар мен бес өрт сөндіру станциясы пайдалануға берілді.

Экологияны жақсартудың тағы бір маңызды тетігі – қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс. Абай қаласында жаңа полигон ашылып, онда қоқысты сұрыптау желісі енгізілді. Алдағы жылдары осындай алты жаңа полигон Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шет аудандарында салынбақ.

Өңірде бұрынғы «Дарьял-У» радиолокациялық станциясының ластанған аумақтарын рекультивациялау қолға алынды. Тарихи экологиялық проблемаларды жүйелі шешу – өңір экологиясын жақсарту жұмыстарының маңызды бөлігі.

Жасанды интеллект және Қарағанды

Жасанды интеллект – бүгінгі заманның басты технологиялық тренді. Ол тек ғылым мен өндіріс саласында ғана емес, қоғам өмірінің барлық бағытына еніп, басқару жүйесін, білім беру ісін, қауіпсіздік пен инфрақұрылымды түбегейлі өзгертуде. Қазақстанда бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануынан бастау алды. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2026 жыл ресми түрде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Аталған құжатта Үкіметке цифрлық трансформацияны жеделдету, жасанды интеллект технологияларының экономиканың барлық саласына енгізу бойынша міндеттер жүктелді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында цифрландыру үдерісі 2017 жылдан бастап, кезең-кезеңімен жүзеге асырыла бастады. Алғашқы жылдары негізгі басымдық мемлекеттік басқаруды жаңғыртуға, халыққа көрсетілетін қызметтерді электронды форматқа көшіруге және ақпараттық инфрақұрылымды дамытуға берілді. 2018 жылы облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының құрылуы цифрлық трансформацияның институционалдық тұрғыдан бекітіп, барлық жобаларды бір орталықтан үйлестіруге мүмкіндік берді. Осы кезеңнен бастап, цифрландыру өңір дамуының ұзақ мерзімді стратегиясына айналды.

– Электрондық үкімет жүйесін дамыту Қарағанды облысындағы цифрландырудың негізгі бағыттарының бірі саналады. Бүгінгі таңда облыс аумағында жергілікті атқарушы органдар арқылы 196 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, оның 176-сы толықтай электронды форматта қолжетімді. Бұл қызметтер электрондық үкімет порталымен толық интеграцияланған. Соның нәтижесінде Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Абай, Сарань, Шахтинск, Приозерск және Қарқаралы қалаларының тұрғындары көптеген мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта алады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысында көрсетілген мемлекеттік қызметтердің 99,5 пайызы электронды түрде ұсынылған. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 3,2 пайызға артқан. Ал, 2024 жылғы қоғамдық мони-

желілерге қосылу мүмкіндігі және инфрақұрылым туралы мәліметтер ашық көрсетіледі. Бұл шешімдер инвестициялық тартымдылықты арттырып, жер қатынастары саласындағы ашықтықты қамтамасыз етуде.

2025 жылы электрондық форматта жер учаскелеріне құқық алу үшін 3 262 өтініш қабылданып, оның 1 317-сі бойынша рәсімдеу толық аяқталған. Бұл көрсеткіш өңірлік геоақпараттық портал мен электрондық үкімет жүйесінің тиімді ықпалдастығын айқын дәлелдейді. Кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін бұл жаңа мүмкіндіктер ашып, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етуде.

Облыстағы цифрлық басқарудың маңызды элементтерінің бірі – Senim109 бірыңғай үйлестіру орталығы. Бұл орталық азаматтардың өтініштерін қабылдау, тіркеу және өңдеу үдерістерін толық цифрлық форматқа көшірді. Senim109 электрондық үкімет, «Ашық қала» және «Ситуациялық орталық» ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған. Жұмыс істеген уақытынан бері орталыққа 900 мыңнан астам өтініш түскен. Тек 2025 жылдың өзінде 52 мың өтініш тіркеліп, олардың 77 пайызы нақты шешімін тапқан. Бұл деректер цифрлық платформалардың өңірді басқарудағы тиімділігін көрсетеді.

Қоғамдық қауіпсіздік саласында да цифрландыру мен жасанды интеллект кеңінен қолданылуда. «Қауіпсіз қала» жобасы аясында аймақта 3 720 бейнебақылау камерасы және жол қозғалысы ережелерін бұзуды тіркейтін 182 автоматтандырылған кешен орнатылған. Бұл



науи технологияларды пайдаланады.

Өңір мектептерінде жасанды интеллект құралдары бірнеше бағытта. Әмбебап және мәтіндік көмекшілер қатарында Google Gemini, ChatGPT және Copilot платформалары бар. Бұл құралдар сабақ жоспарларын әзірлеу, тест тапсырмаларын құрастыру, мәтіндерді генерациялау және күрделі тақырыптарды түсіндіру барысында тиімді пайдаланылуда. Сонымен қатар, ақпарат іздеуге арналған Perplexity AI, мәтін сапасын жақсартуға бағытталған DeepL Write платформалары да мұғалімдер тәжірибесіне енгізілген. Арнайы оқу құралдары да пән ерекшелігіне қарай қолданылады. Атап айтқанда, математика сабақтарында есептерді қадамдап шешуге арналған Photomath пен MathGPT, жаратылыстану ғылымдарында BioRender, PhET Simulations, Google Earth құралдары пайдаланылады. Тілдік пәндерде мәтінді өңдеу және стильдік тексеру үшін QuillBot пен Grammarly кеңінен қолданылса, бағдарламалау және бейне жасау саласында GitHub Copilot, Replit Ghostwriter, Synthesia, Runway ML платформалары енгізілген. Шығармашылық бағытта музыка жазуға арналған Soundraw.io платформасы да оқушылардың креативті әлеуетін дамытуға ықпал етуде.

– Соңғы үш оқу жылы ішінде «Информатика» пәні мұғалімдеріне арналған «Computer Vision (жасанды интеллект)» проблемалық курсы бойынша облыс көлемінде 222 педагог оқытылды. Сонымен бірге, әр аудан мен қалада «Жасанды интеллект» бағыты бойынша арнайы тренерлер даярланып, 2024-2025 оқу жылының Қысқы мектебі мен 2025-2026 оқу жылының Күзгі мектебі аясында барлық информатика пәні мұғалімдерінің 100 пайыз қамтылуы қамтамасыз етілді. Бұдан бөлек, аталған кезеңдерде 500-ден астам педагог «Digital Mind: жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық және медиа сауаттылық» курстарынан өтті. Облыс бойынша ЖИ бағытында 4 авторлық бағдарлама бекітіліп, «Зейін» BootCamp, шеберлік-сыныптар мен тәжірибе алмасу алаңдарында педагогтер өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтқанда, Class time.com және Cogearp.ai платформаларын қолдану тәжірибелері ұсынылды, – деді облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы Жансая Сартаева.

Қарағанды облысында білім алушыларға жасанды интеллект технологияларын мектеп қабырғасынан бастап меңгертуге ерекше назар аударылуда. Бағдарламалау дағдылары орта білім

берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес 6-9 сыныптарда қалыптастырылады. Бұл дағдылар робототехника, STEM-зертханалар және IT-үйірмелер арқылы инвариантты және вариативті компоненттермен интеграцияланған. Сонымен қатар, облыста орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін бағдарламалау негіздерін оқытуға бағытталған Astana Hub республикалық пилоттық жобасы іске асырылуда. Жоба аясында Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Шахтинск, Нұра және Ақтоғай аудандарындағы 10 білім беру ұйымы қамтылып, «Жасанды интеллект» және «Game development» бағыттары бойынша оқыту жүргізілуде. Жобаға қатысқан педагогтер оқу курстарын жоғары нәтижемен аяқтап, кәсіби біліктіліктерін растайтын сертификаттарға ие болды. 2025 жылдың қаңтар айынан бастап білім алушыларды аталған бағыттар бойынша оқыту басталды. 10-11 сынып оқушылары үшін «Startup Academy», «No Code», «Low Code» курстарына қолжетімділік қамтамасыз етіліп, edu.astanahub.com онлайн-платформасында оқыту жүргізілуде. Пилоттық жобаға қатысқан білім алушылардың жалпы саны 460 оқушыны құрады.

– «Жаңа мамандықтар атласы» байқауы аясында «ЖИ жүйелерін оқыту және тестілеу жөніндегі маман» бағыты бойынша жобаларды қорғаудың облыстық іріктеу кезеңі аяқталды. Байқауда үздік деп танылған білім алушылар 2026 жылдың қаңтар-ақпан айларында өтетін «Болашаққа жолдама» форумында облыс намысын қорғайды. Байқаулардың басты ерекшелігі – оқушылардың жасанды интеллект жүйелерін тестілеуді, сондай-ақ, «Цифрлық әлемге қадамдар» жобасы аясында ЖИ көмегімен кәсіби бейне контент пен мультфильмдер жасауды меңгеруінде, – деді Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы Жансая Сартаева.


Денсаулық сақтау саласында да цифрландыру аясында жасанды интеллект технологиялары кезең-кезеңімен енгізіліп келеді. Бұл бастама медициналық қызмет сапасын арттыруға, құжат айналымын жеңілдетуге және медицина қызметкерлерінің жұмыс жүктемесін азайтуға бағытталған.

– Қазіргі таңда жасанды интеллект облыстың денсаулық сақтау ұйымдарында стандарттар мен нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын бақылау, сондай-ақ, медициналық құжаттаманы автоматтандыру бағыттарында қолданылады. Аталған



жүйелер диагноз қоюға қатыспайды және дәрігерді алмастырмайды, тек көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Жасанды интеллектті енгізу жұмыстары Қарағанды қаласындағы №3 емханадан басталып, бүгінгі күні облыстағы барлық медициналық ұйымдарды қамтыды. Негізгі мақсат – Астана цифрлық медициналық сарапшысы арқылы медициналық деректерді талдауға қолдау көрсету, бұйрықтар мен клиникалық талаптарға сәйкестікті бақылау, сондай-ақ, КМИС жүйесінде қайталанатын әрекеттерді автоматтандыру, – деді Денсаулық сақтау басқармасының Ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Аслан Темиров.

ЖИ қолдандудың нәтижесінде ECOMP жүйесінде қателіктер мен дефектілер санының азайғаны тіркелген. Бұл цифрлық




шешімдердің медициналық құжат сапасын арттыруда тиімді екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жаңа технологиялар дәрігерлер мен мейірікелердің әкімшілік жүктемесін едәуір жеңілдеткен.

Жасанды интеллект жүйелерімен жұмыс істеу үшін медицина қызметкерлері «Даму мед» платформасына және каскадтық әдіспен арнайы оқытудан өткен. Айта кету керек, бұл технологиялар пациенттер үшін көзге көрінбейді, себебі емдеу немесе диагноз қою процесіне тікелей араласпайды.

Алдағы 3-5 жылда өңірде Cerebra бағдарламалық қамтамасыз етуі мен Spina Bifida ауруын ерте анықтауға арналған жасанды интеллект модулін енгізу жоспарланып отыр. Бұл жобалар ауылдық медициналық ұйымдарды қоса алғанда, облыстың барлық аумағын қамтиды.

Қарағанды облысында жасанды интеллект, электрондық үкімет, өңірлік геоақпараттық жүйелер және инновациялық IT-хабтар өзара байланысқан бірыңғай цифрлық экожүйе ретінде дамып келеді. Мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі, жер қатынастары саласындағы ашықтық, қоғамдық қауіпсіздік пен білім беру саласындағы цифрлық шешімдер өңірді басқарудың жаңа сапасын қалыптастырды. Бұл тәжірибе Қарағанды облысын Қазақстандағы цифрлық трансформацияның алдыңғы қатарлы өңірлерінің біріне айналдырып, болашақ инновациялық экономиканың берік негізін қалап отыр.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



торинг нәтижелері бойынша өңір қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі жөнінен республикадағы үздік үш облыстың қатарына енді, – деді Облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы басшысының орынбасары Марлен Мәжитұлы.

Электрондық үкіметпен қатар облыста өңірлік геоақпараттық жүйелерді дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Өңірлік геоақпараттық портал облыстық және аудандық маңызы бар қалалар аумағында жер учаскелерін электронды форматта беру рәсімін айтарлықтай жеңілдетті. Бұрын жерге құқық рәсімдеу мерзімі 60 жұмыс күніне дейін созылса, қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 30 жұмыс күніне дейін қысқарған. Геоақпараттық портал арқылы жер телімдерінің орналасуы, инженерлік

жүйелер құқықбұзушылықтарды автоматты түрде тіркеп, деректерді жедел өңдеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2025 жылы өңірде 179 мыңға жуық құқықбұзушылық анықталған. Мұндай технологиялар қылмыстың алдын алуға және қоғамдық тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосып отыр.

Көлік және жол инфрақұрылымында да жасанды интеллект шешімдері енгізілуде. JoLScan пилоттық жобасы автомобиль жолдарының жай-күйін компьютерлік көру технологиясы арқылы бақылауға мүмкіндік береді. Жоба аясында 200 шақырымнан астам жол қамтылып, 500-ден аса бірегей ақау анықталған. Сонымен қатар, жедел жөндеуді қажет ететін бес критикалық аймақ белгіленді. Қарағанды қаласында енгізілген «ақылды» бағдаршамдар жүйесі көлік ағынын нақты уақыт режимінде талдап, кептелістерді азайтуға ықпал етуде.

Өңірдегі инновациялық экожүйенің маңызды бөлігі – «Террикон алқабы» IT-хабы. Бұл орталық Қарағанды облысында стартаптарды, IT-кәсіпкерлікті және жасанды интеллект жобаларын дамытуға бағытталған. 2025 жылы «Террикон алқабы» аясында 110 нетворкинг іс-шарасы мен бизнес-бағдарлама ұйымдастырылып, оларға 4 300-ден астам адам қатысты. Акселерациялық бағдарламалар шеңберінде 11 жоба 23,2 миллион теңге көлемінде грант және 54,2 миллион теңге көлемінде инвестиция тартты.

Жасанды интеллекттің өңір дамуына ықпалы білім беру саласында да айқын көрінеді. Қарағанды облысында мектептер мен колледждерде ЖИ негізіндегі цифрлық платформалар кеңінен қолданылуда. Мұғалімдер сабақ жоспарлау, тест тапсырмаларын әзірлеу және оқу материалдарын визуализациялау үшін зама-



Мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Бексұлтанов – 70 жаста

Дәуір дарабозы

Құдайберген Бексұлтанов. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі керім келбетін атаулы тұлғасыз көзге елестету әсте мүмкін болмас. Қазақстан Республикасының корнекті мемлекет және азаматтық қоғам қайраткері. Дәл бүгін Құдайберген Бексұлтанов 70 жасқа толды. Бір ел мен бір ердің қосөрім есіл ғұмыры атан шөгерлік салмақ пен саликалы тағылымға толы екендігін алдымен біз емес, қаймана халық қолқа жүрегімен түйсінері алғаусыз ақиқат.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сарыарқаның сәмиян самалы мен салқын сабат киелі топырағынан жаралған ерек болмыс иесі ат жалын тартар шағынан бастап, ақсұңқар арманға көз тікті. Өрімтал өмір кезеңінен теміржолшы болып, ол қалалық мәслихат депутаты, өңір әкімі және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты ретінде де республиканың саяси және әлеуметтік өмірінде маңызды рөл атқарды. Оның қаз тұрған қалтқысыз қызметі Тәуелсіз Қазақстанның негізінің нығаюымен тікелей байланысты.

Құдайберген Бексұлтанов 1956 жылдың 17 қаңтарында Қарағанды облысы Нұра ауданындағы «Шахтер» совхозында ақер әлемнің есегін ашты. Еңбек жолын 1976 жылы Қарағандыдағы №139 қалалық кәсіптік-техникалық училищеде теміржолшы мамандығын тәмамдауымен басталған-тын. 1993 жылы сол шақтағы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «тарихшы» мамандығы бойынша оқып аяқтады. 2013 жылы «Болашақ» Қарағанды университетінде заңгерлік білім еншіледі. Білім нәріне қаршадайынан қаршығадай түйілген зеректігінің арқасында қарапайым жұмысшыдан бастап, саяси қызметке дейінгі жолды басып өтті.

Иә, Құдайберген Бексұлтановтың мансабы еңбек адамының қасиетті сүрлеуінен бастау алды. 1976-1978 жылдары ол көршілес Ресей елі Челябинск облысындағы электро-монтаж поезында жұмыс істеді. Сол кейінірек сол кездегі Тың темір жол желісінде комекші оператор болды. 1978 жылдан бастап, өндірістік оқу шебері ретінде еңбек етті. Ал, 1993



жылы №26 Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің директоры лауазымында еңбектенді (1993-1999 жылдар). Саяси мансабы 1996 жылы Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты болып сайланудан өрбіген. Ол бірнеше шақырылымда Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы қызметін абыроймен атқарды. Осы ретте Құдайберген Бексұлтанов жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтуға үлкен үлес қосты. 2011-2016 жылдары Нұра ауданының әкімі болып, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және әлеуметтік мәселелерді шешуде тағдыршешті шешімдер қабылдады. Аталған кезеңде Құдайберген Бексұлтанов Қазақстанның ауылдық аймақтарын дамытуға, әсіресе, Қарағанды облысындағы өндірістік және әлеуметтік жобалардың жота көтеруіне жол салды.

Құдайберген Бексұлтанов осы жылдар мұғдарында Қарағандының көше атауларын қазақыландыруға, әсіресе, байырғы Октябрь ауданын Алаш арысы Әліхан Бөкейханның мүбәрәк есімін еншілеткен бірден бір қайраткер екендігін қарақөз қазақ баласы күзегер. Бұдан бұрын Қарағанды қаласындағы Совет ауданын кереғар ұққан көпшілік наразылығына қарамастан Қазыбек би ауданы деп аталуын іске асырған. «Құдайберген феномені» ақер әлемге осындай жаңқырлық ерлігімен қат-қабат

келді. 2023 жылдың 27 наурызынан Құдайберген Бексұлтанов – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымының депутаты. Ол «AMANAT» партиясының мүшесі ретінде парламенттік қызметте ел мүддесін өрге сүйреп келеді. 2002 жылдан бері Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесінің мүшесі, ал, 2003 жылдан Қарағанды облыстық үстел теннисі федерациясының төрағасы болып келді. Әрине, оның біртуар қайраткер, теңдессіз тұлға ретіндегі ерен-ғайып еңбегі Қазақстанның тәуменді Тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік құрылысқа тікелей байланды. Халық қалаулысы ретінде жергілікті бюджетті басқару, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға жең түрді. Басшылық мінберде де ауылдық аймақтардың экономикасын көтеруге, жұмыспен қамту және игілікті инфрақұрылымды дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Мәжіліс депутаты катарында заң шығару жұмыстарына атсалысып, мысалы, 2025 жылы жаңа Салық кодексіндегі қателіктерді сыңға алып, бизнеске қолдау тетіктерін таразылады. Сондай-ақ, балаларға арналған әуе билеттеріне субсидия бөлу бастамасын көтере білді. «Костенко» шахтасындағы апат бойынша парасатты пікір білдіріп, инвесторлар қауымдастығын сотқа тарту қажеттігін баса белгіледі. Құдайберген Бексұлтановтың

халыққа өтеусіз қызметі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзара құрметіне ойысты. Ол Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік марапаты «Құрмет» орденімен, сондай-ақ, «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Астанаға – 10 жыл» және басқа медальдарын келуесіне тақты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көреген бастамашылығымен Құдайберген Бексұлтанов парламенттік реформаларға белсенді қатысып, елдің саяси жүйесін жаңғыртуға салым салды. Президенттің «Таза Қазақстан» және цифрландыру бастамаларын қолдай отырып, ол жалпы жұртшылыққа «Халық бірлігі – басты назарда» деген әйгілі қоғамдық ұстанымын айғақтайды. Ұлттық кеңес құрамында табысты қызмет етіп, стратегиялық даму үдерісіне қатысты. Оның саяси әрі мемлекетшіл қызметі әр тараптан қолдау тапты. Партия мүшесі ретінде Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы реформаларға үн қатты.

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов та Құдайберген Бексұлтановтың қатысуымен өткен отырыстарда парламенттік жұмыстың таудай маңызын ерекше атап өткені шындық. Мысалы, 2025 жылғы жалпы отырыста балалар тәрбиесі мәселесін талқылағанда, Ерлан Қошанов депутаттардың бастамаларын қолдады. Бұл Қ.Бексұлтановтың ұсыныстарының мән-маңызын аңдатпай. Сондай-ақ, Қарағанды облысының әкімдігі және әр түрлі деңгейдегі мәслихаттағы әріптестері оның жұмысын жоғары бағалайды. Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы ретінде ол жергілікті өзін-өзі басқарудың өзгеше үлгісіне айналды. Замандастары оны «Халыққа жақын, жауапты қайраткер» деп атайды.

Құдайберген Бексұлтановтың есім-сойы бүгінде – Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы тұрақты дамуының нышанына айналған. Оның еңбек жолы жігерлі жұмысшыдан мемлекеттік деңгейдегі қайраткерге дейінгі тағылымға ұқсайды. Жетпіс жастың желкені – Егемендік ертені деп шарқ ұрған бір мемлекеттік қайраткердің боямасыз болмысын тарту етеді. Болашақ ұрпақ үшін оның тәжірибесі – әділетті мемлекет құрудағы саф үлгі.

Мерейжас құтты болсын, Құдайберген Бексұлтанулы!

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Ел ағасы

Тағдыр соқпағында да, қызмет жолымда да жақсы адамға жанастырған Жаратушыға шексіз ризамын. Әркімнің жақсы атанып, ізгілікке ұмтылмағы – жанындағы жақсылардың шарапатынан. Өз басым абзал аға, аяулы әпке, жайсаң бауырлар жақсылығын көп көрдім және оларды үлгі тұттым. Бүгін осындай жақсы аға, жасампаз тұлға туралы сөз қозғамақпын...

Халықтың талғамынан жоғары ештеңе жоқ. Сол талғам таразысын еркін еңсеріп, елге жағу үшін адам баласына көп қасиет керек-ақ.

Терең білім, биік парасат, айнамас адалдық, тайымас табандылық, шынайы қарапайымдылық, мемлекетшіл рух, ұлттық құндылықтарға деген құрмет... Осынша асыл қасиет бойыңнан табылып жатса, елің еміреніп, халқың қадірлеп тұрады. Хакім Абайдың «Толық адам» қағидасы да осы қасиеттерді бойына тұндырған тұлғалар туралы болса керек-ті.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты, қайраткер тұлға Құдайберген Бексұлтанұлы – тұлға бойын мейлінше асыл қасиетке тұғыр еткен азамат! Құдайберген ағаны көптен білемін. Абзал ағаның теміржолдан басталған өмір жолы өнегеге толы. Еңбек жолын қарапайым теміржолшы болып бастап, ұстаздық жолдан өтті. Бүгінгі шыққан биік, бағындырған асуы – оған табандылық пен тынбай ізденудің арқасында келген нығмет.

Осыдан үш жыл бұрынғы сайлауда Құдайберген ағаның «AMANAT» партиясы атынан саяси додаға түсіп, бірмандатты бәсекеде жеңіске жеткенін жақсы білесіздер. Сол бәсекеде партия аппаратына салмақ салмай, көмбеден мандайы жарқырап келген тұлпар тұрпатты үміткеріміз болғанын біз де мақтан еттік. Еліміздің саяси өміріндегі тарихи реформадан кейін ашық сипатта өткен сол сайлауда облыс халқының Құдайберген Бексұлтанұлына деген шексіз құрметі мен тілеуі қор ниетіне куә болды.

Бағының жанғаны Арының тазалығынан екеніне еш дау жоқ!

Бірнеше шақырылым бойы Қарағанды қалалық мәс-

лихатының хатшысы болып, аманатқа адалдық танытты. Туған жеріне ту тігіп, нұрлы Нұра ауданының екі тізгінін, бір шыбырын ұстаған кезінде де астықты өңірдің абыройын асырып, даму көрсеткіштерін көш басына шығарған қайраткерлігін қалай ұмытпайды?!

Қазіргі қызметінде де жерлестерін жерге қаратқан кезі болған жоқ. Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде заң шығару жүйесінде батыл байлам, ұтымды ұстаным, берекелі белсенділік танытып, сайлаушылар мүддесін бірінші орынға қойып келеді.

Өз басым ерекше құрмет тұтамын. Сырбаз мінез, кемел кісілігін, қарапайым қалпы мен боямасыз болмысын үлгі тұтамын.

Аға десем – ағалыққа, ұстаз десем – ұстаздыққа жарайтын жарқын адам! Көркем мінезі, ымырашыл ұстанымы ерекше қызықтырады.

Ардақты аға, қажырлы қайраткер, сұңғыла саясаткер Құдайберген Бексұлтанұлы бүгін мерейлі 70 жасқа толып отыр. Бұл – жай ғана мерейжас емес, Азамат асуы, тұлға белесі. Елге адал қызмет етудің ерен үлгісін көрсеткен тұғырлы тұлғаның бағындырған биігі!

Аға! Жетпіс жас мерейтойыңыз құтты болсын! Алар асуыңыз да, адами абыройыңыз да асқақ болып, ел игілігі жолындағы еңбегіңіз баянды баққа жеткізсін!

Мықты денсаулық, ұзақ өмір тілеймін!

Қарағанды қадірлеп, Алаш елі алақанынан түсірмесін! Елді сүйген жүрегіңізге дақ түспесін!

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
«AMANAT» партиясы
Қарағанды облыстық филиалының төрағасы

• ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ – ЕЛ ІШІНДЕ

Ел мүддесі жолындағы жүздесу

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен жүзеге асып жатқан заңнамалық реформалар, әлеуметтік және білім беру саласындағы маңызды өзгерістер депутат назарында. Облысқа жұмыс сапарымен арнайы ат басын тіреген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Құдайберген Бексұлтанов, Асхат Аймағамбетов, Үнзила Шапақ өңірдегі зиялы қауыммен жүздесіп, бірқатар нысандарды аралады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінен басталған жұмыс сапары барысында Мәжіліс депутаттары өңірдегі әлеуметтік мәселелерді алға тарта отырып, сала мамандарымен ашық пікір алмасты. Кездесулерде заңнамалық реформалардың мәні, әлеуметтік қолдау тетіктері мен адам өміріне тікелей әсер ететін маңызды мәселелер кеңінен сөз болды.

Мәселен, балаларды бес жастан бастап мемлекет қолдайтын жинақтау жүйесіне тарту – болашақ ұрпақтың білім алуына, тұрғын үй жағдайын жақсартуына және қаржылық тұрақтылығын ерте жастан қалыптастыруына жол ашатын стратегиялық маңызды бар бастама екенін депутаттар баса белгіледі. Тенгерімді тетік ата-аналардың жүгін жеңілдетіп қана қоймай, әрбір баланың келешегіне бағытталған нақты әрі ұзақмерзімді инвестиция ретінде бағаланады. Осылайша, аталған бастама бір реттік әлеуметтік қолдаумен шектелмей, ұлт болашағын жүйелі түрде қалыптасты-

руға бағытталған парасатты қадам ретінде айқындалады. Баланың алғашқы қадамдарынан бастап, оның ертеңіне инвестиция салу – жауапты мемлекеттің, ал, сол мүмкіндікті тиімді пайдалану – саналы қоғамның айшықты белгісі. Уақыт өте келе, аталған жинақтау жүйесі тек жеке отбасының емес, тұтас елдің адами капиталына серпін беріп, тұрақты даму мен әлеуметтік әділеттіліктің берік іргетасына айналмақ.

– Сарыарқаның қасиетті топырағына табан тіреу – біз үшін зор мәртебе. Осындай қарашанырақта аға буынның тәжірибесі, орта буынның жауапкершілігі мен жастардың үміті тоғысканы қуантады. Ел ішіндегі бірлік пен татулық – ең басты құндылық. Ғылым мен саналы қоғамның тығыз байланысы – ел дамуының берік негізі. Осындай мәнді кездесулер алдағы ортақ жұмыстарға серпін береді деп сенемін, – деп атап өтті халық қалаулысы Құдайберген Бексұлтанов.

Әлбетте, спикердің парасатты пікірі ұрпақ сабақтастығы мен білімге негізделген қоғам құру идеясы – уақыт талабы ғана емес, елдік мұраттың өзегі екені анық



аңғарылды. Мұндай мәнді жүздесулер пікір алмасумен шектелмей, ортақ жауапкершілікті терең сезінуге, бір мақсатқа ұйысқан нақты істерге жол ашады. Демек, татулық пен тағылымды ой тоғысқан басқосу алдағы игі бастамалардың берік баспалдағына айналары сөзсіз.

Өңірге жұмыс сапары аясында депутаттар аутизм спектрі бұзылыстары мен басқа да менталдық ерекшеліктері бар балаларға қолдау көрсететін «Қамқорлық» орталығының қызметімен де жете танысты. Орталық үш жастан 18 жасқа дейінгі балаларға тегін кешенді көмек көрсетіп, олардың бейімделуіне, жан-жақты дамуына және қоғамға әлеуметтенуіне бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізуде. Жарық әрі жайлы, заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген орталықта логопедтер, дефектологтар, психологтар және емдік дене шынықтыру мамандары кәсіби негізде еңбек етеді.

Мұнда балаларға АВА-терапия, арт-терапия, робототерапия және робототехника бағыттары бойынша сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар, сенсорлық бөлме, музыка кабинеті, қыш шеберханасы, ағаш және тігін шеберханалары жұмыс істейді. «Қамқорлық» орталығы – ерекше балалар мен олардың отбасыларына жан-жақты қолдау көрсететін маңызды әлеуметтік жоба.

Жұмыс сапары барысында депутаттар облыстық жедел жәрдем станциясында болып, фельдшерлермен, дәрігерлермен және жүргізушілермен жүздесті. Кездесу ашық форматта өтті. Депутаттар медицина қызметкерлерінің қажуісіздігін арттыруға бағытталған жаңа заңның мән-мағынасын, сондай-ақ, зорлық-зомбылық тәуекелдеріне байланысты сақтандыру енгізу жөніндегі бастамаларын жеткізді. Сондай-ақ, 2026 жылға арналған бюджетте жедел жәрдем қызметіне қосымша 5 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылғаны

қоса айтылды. Бұл – саладағы нақты қажеттіліктердің ескерілгенінің айғағы.

– Жедел жәрдем – адам өмірі үшін күрестің алдыңғы шебі. Ондіріктан, бұл саладағы мәселелерді созбалауға болмайды. Денсаулық сақтау министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, түйткілдерді жүйелі түрде шешу бағытында жұмысымызды жалғастырамыз, – деп пікір қосты халық қалаулылары.

Облыстық жедел жәрдем станциясындағы кездесу, медицина қызметкерлерінің еңбегіне деген құрметтің жаңа парағын ашқандай игі әсер қалдырды. Өміршең заңдар, қосымша қаржы және бірлескен күш-жігер арқылы алдағы жылдарда жедел жәрдем қызметі одан әрі нығайып, әрбір науқастың өмірі үшін сенімді қалқан бола түседі.

– Бұқар жырау ауданына жұмыс сапарым барысында TOO «Polymet Solutions Corporation» кәсіпор-

нының жұмысымен таныстым. Кәсіпорын химия өнеркәсібіне негізделген және бүгінде 100-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Мұнда қызметкерлер үшін лайықты еңбек жағдайы жасалған, қауіпсіздік талаптары сақталған, өндіріс заманауи технологиялармен жабдықталған. Өнімдері ішкі нарықта ғана емес, шетелге де экспортталады. Бұл – отандық өндірістің әлеуеті жоғары екенін, өңір экономикасының дамуына нақты үлес қосып отырғанын көрсетеді. Осындай кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуі – өңір экономикасының нығаюы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы және елдің өндірістік әлеуетінің артуы, – дейді Құдайберген Бексұлтанов.

Иә, халық қалаулыларының Сарыарқа төріндегі атаулы сапары мазмұнды кездесулермен ғана емес, нақты нәтижелерге бағытталған ұстанымымен де ерекшеленді. Ашық диалог алаңында айтылған әрбір ұсыныс, көтерілген әрбір мәселе – халықтың үні мен ел мүддесінің тоғысқан тұсы. Ғылым ордасындағы пікір алмасудан бастап, әлеуметтік нысандар мен жедел жәрдем қызметіндегі жағдайға дейінгі аралықта ортақ жауапкершілік пен жүйелі шешімге деген дайындық айқын аңғарылды. Мұндай кездесулер билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, өңір дамуына серпін беретін нақты қадамдардың бастауы екендігі даусыз.

Сурет ұйымдастырушылардан

Өбектеу өмір мектебі емес

«Әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейту – елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалуды қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз. Соның салдарынан ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, біз бір кезде бұл көрсеткіш бойынша әлемде «көш бастаған» елдердің қатарына қосылдық. Мұндай мысалдар аз емес. Осылайша, біз өзіміз жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырмыз», – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылдың қыркүйек айындағы Жолдауында. Ел Президентінің «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында бұл бағыттағы жұмыстар жөнінде келтірілген деректер әлеуметтік саясаттың өзі жүйелі жаңғыртуды қажет ететінін айқын көрсетеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ішкі жауапкершіліктің жойылуы

Мемлекет өз азаматтарының білім алуына, медициналық қызметке қол жеткізуіне, әлеуметтік қорғалуына жауап береді. Бірақ, Мемлекет басшысы атап өткендей, әлеуметтік қолдаудың бақылаусыз берілуі масылдық пен алаяқтыққа жол ашып отыр. Бұл құбылыстың экономикалық әрі қоғамдық санаға қатысты мәселе екенін айтады сала мамандары.

Психолог Думан Шалтаев масылдықты қоғам үшін аса қауіпті психологиялық құбылыс деп бағалайды.

– Масылдық бір күнде пайда болмайды. Ол ұзақ уақыт бойы қалыптасады. Адам әр мәселесін біреу шешіп беруге үйренсе, онда дербестік жойылады. Мұндай адам өзін қоғамға пайдалы тұлға ретінде емес, көмек күтетін объект ретінде сезіне бастайды. Өкінішке қарай, бізде «мемлекет міндетті түрде беруі керек» Кеңес үкіметінен қалған ескі түсінік тамыр жайып кеткен. Өйткені, ол кезде «жұмыстан қалмасаң болды, үкімет асырайды» деген ұран болды, – дейді ол.

Маманның айтуынша, мұндай

көзқарас адамды даму мен еңбекке емес, сылтау іздеуге итермелейді.

– «Мен жұмыс істей алмаймын», «жағдайым жоқ», «денсаулығым келмейді» деген уәждер көбейеді. Бірақ, нақты әрекет жоқ. Масылдық – адамның ішкі еркіндігін де түпшіяқтырады. Ол тәуелді күйде өмір сүруге дағдыланырады, – дейді Думан Шалтаев.

Қала тұрғыны Ақмайра Мәжитқызы масылдықтың кейде жақсылық жасаудан басталатынын да ұмытпау керектігін айтады.

– Туыстарыма көмектесуді ешқашан міндет деп санаған емеспін, оны адамгершілік деп білдім. Біреуінің несиеcін жаптым, біреуіне жұмыс тауып бердім, енді біріне ай сайын ақша жіберіп тұрдым. Басында бәрі рахметін айтты. Десе де, уақыт өте келе олар соны заңды талап ретінде қабылдай бастады, – дейді ол.

Ақмайра ханымның айтуынша, көмек тоқтаған сәттен бастап туыстық қарым-қатынас та өзгерген.

– Көмек бере алмай қалғанымда, маған өкпеледі, тіпті, кінәлай бастады. Сол кезде ғана оларды қолдамай, дамуына қолұшын бермей керісінше масылдыққа үйреткенімді түсіндім.



Қолмақшы жасап Ақбай Раманжан

Бұл ақыр соңында туыстардың арасына жік салды, – дейді қала тұрғыны.

Шетел тәжірибесі не дейді?

Мемлекет басшысы келтірген деректер қоғамды ойландырмай қоймайды. Кеңес Одағы тарағына отыз жылдан асса да, «аймақтық қақтығыстарға қатысқан ардагерлердің» саны азаймақ түгілі, жыл сайын көбейіп, тіпті «жасарып» барады.

Дерекке сүйенсек, елімізде 740 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар көрінеді. Еліміздің соғыссыз, бейбіт заманда өмір сүріп жатқанын ескерсек, бұл көрсеткіштің күмән тудыратыны заңды.

Мәселен, Германияда жұмыссыз азамат әлеуметтік жәрдем-ақы алуы үшін еңбек биржасы ұсынған жұмыстан негізсіз бас

тартпауы керек. Бас тартса, жәрдемақы қысқарады немесе мүлде тоқтатылады.

Скандинавия елдерінде әлеуметтік мемлекет ұғымы барынша дамығанымен, масылдыққа мүлде төзім жоқ. Онда «әлеуметтік келісім» принципі бар. Мемлекет көмектеседі, ал, азамат қоғамға үлес қосады.

Ал, Сингапурда әлеуметтік жәрдемақдан гөрі еңбекке ынталандыру – бірінші орында. Мемлекет кедейлікті жәрдемақымен емес, жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті қолдау арқылы жеңеді.

Ал, елімізде әлеуметтік төлемдерді тағайындауда нақтылықтың болмағанын Президент биылғы сұхбатында сыңға алып, енді оны реттеп, бұл салаға да цифрландыруды енгізу қажеттігін айрықша атап өтті.

Масылдыққа қарсы алғашқы қорған

Қарағанды қаласындағы №14 қазақ мектеп-гимназиясы директорының орынбасары Орынгүл Жанұзаққызы масылдықпен күрес тәрбиеден басталуы тиіс екенін айтады.

– Балалар кейде «ата-анасы мен мемлекет бәрін шешіп береді» деп ойлайды. Бұл – өте зиянды әрі қате түсінік. Біз мектепте оқушыларды еңбекке, жауапкершілікке, өз күшіне сенуге тәрбиелеуге тырысамыз. Қоғамда масылдық азаюы үшін алдымен мектеп пен отбасы бір бағытта жұмыс істеуі керек, – дейді ол.

Педагогтың айтуынша, еңбекке баулу өмірлік ұстанымға айналып, пайдалы дағдыларға бастауы тиіс. Тоқтап қалмай үнемі қадағаланса, нәтиже береді.

– Бала өз еңбегімен бір нәрсе

• ӘЛЕУМЕТ

Игілікке ізгі қадам

Қарағанды облысы мен Ұлытау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №35 мекемеде тәрбиелік және әлеуметтік бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соның айқын дәлелі ретінде жуырда аталмыш мекеме ұжымы мен жазасын өтеушілердің бірлесуімен жүзеге асырылған игі бастаманы атап өтуге болады.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, мекемеде жазасын өтеушілер «Қуаныш» балабақшасына қолдау көрсетіп, мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиеленушілеріне қажетті бірқатар бұйымдарды жасап шығарды. Балаларға арналған музыкалық аспаптар, оқу сабақтарына арналған үстелдер, сондай-ақ, демалысқа арналған ыңғайлы жиһаздар мекеменің өндірістік шеберханаларында дайындалып, балабақша ұжымына табысталды.

Бұл бастама жазасын өтеушілердің бос уақытын тиімді ұйымдастырумен қатар, олардың еңбекке баулу, жауапкершілік сезімін арттыру және қоғамға пайдалы болу сияқты маңызды құндылықтарды бойына сіңіруіне ықпал етеді. Өндірістік шеберханаларда жұмыс істеу барысында сотталған азаматтар ағаш өңдеу, құрал-жабдықтармен жұмыс істеу, өнім дайындау секілді практикалық дағдыларды меңгереді.

Мекеме әкімшілігінің айтуынша, мұндай әлеуметтік жобалар жазасын өтеушілердің қайта әлеуметтенуіне, яғни, бостандыққа шыққаннан кейін қоғамға тез бейімделуіне оң

әсерін тигізеді. Қоғамға нақты пайда әкелетін істерге қатысу арқылы олар өз еңбегінің нәтижесін көріп, ішкі жауапкершілігін сезінбек.

Айта кету керек, №35 мекемеде жазасын өтеушілерді қоғамдық пайдалы еңбекке тарту жұмыстары тұрақты түрде жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы жұмыстар Қылмыстық-атқару жүйесінің басты міндеттерінің бірі – түзеу және тәрбиелеу қағидаттарына толықтай сәйкес келеді.

Балабақша ұжымы көрсетілген көмекке алғысын білдіріп, мұндай қолдаудың балалардың дамуына және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға оң ықпал ететінін атап өтті. Алдағы уақытта да мекеме тарапынан әлеуметтік маңызды бар жобаларды жалғастыру жоспарланып отыр.

Осындай игі істер қоғам мен қылмыстық-атқару жүйесі арасындағы өзара байланысты нығайтып, жазасын өтеушілердің адамгершілік құндылықтарын қайта жаңғыртуға жол ашатыны анық.

Сурет Polisia.kz сайтынан

• МЕДИЦИНА

Бала денсаулығының жаңа бағдары

Аймақта балалар денсаулығын бақылайтын мамандардың әлеуетін арттыру жолында тың жоба қолға алынды. Енді осы бағытта жаңа тірек алаң жұмысын бастайды. Оқу-әдістемелік орталық балалар мен отбасыларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға, сондай-ақ, мамандардың кәсіби құзыретін күшейтуге бағытталған.

Маржан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған орталық орта буын медицина қызметкерлерінен бастап, тіпті, тәжірибелі дәрігерлер мен денсаулық сақтау саласының басшыларына дейінгі барлық деңгейдегі мамандарға оқытуды көздейді. Оқу курсы үш негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылған. Атап айтқанда, балаға кешенді ем-дом жүргізудің алғышарттары, патронаждың (үйде отырып ем жасаудың әдістерінің) әмбебап әдістері,



балаларға стационарлық және шұғыл медициналық көмек көрсету мәселелері қамтылған.

– Бұл тірек алаңда тек оқып қана қоймай, нақты іс-тәжірибе ретінде де тағылымдамадан өтеді. Бала денсаулығын сақтауда жаңа көзқарасты қалыптастыратын маңызды алаңда көнігі мамандар заманауи практикалық-бағдарланған тәсілдерді жас мамандарға үйретеді. Балалар мен отбасыларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы, тиімділігі күшейеді, –

деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының Ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Асхан Теміров.

Оқу бағдарламасында медицина, әлеуметтік және білім беру қызметтерінің өзара үйлесімді жұмысына негізделген панаралық іс-қимылға ерекше назар аударылған.

Оқу курстары медициналық ұйымдар тарапынан да оң бағасын алуда. Теміртау қаласы көпбейінді ауруханасының ин-

фекциялық бақылау қызметінің басшысы Юрий Никулин мұндай орталықтардың рөліне тоқталды.

– Қазіргі медицинада сапа мен қауіпсіздік бірінші орында тұруы тиіс. Бұл оқу курстары қызметкерлердің жауапкершілігін күшейтіп, инфекциялық қауіпсіздік пен медициналық қызмет көрсету мәдениетін жаңа деңгейге көтереді. Ал, бұл, өз кезегінде, пациенттердің сенімін арттырады, – деді ол.

Сондай-ақ, оқуға қатысқан жедел жәрдем қызметінің мамандары да алған білімдерінің нақты іс-жүзінде пайдасын тигізетінін атап өтті.

Мамандардың пікірінше, алдағы уақытта тірек алаңның жұмысы жүйелі әрі үздіксіз сипат алса, бұл өңірдегі балалар денсаулығы көрсеткіштерінің тұрақты жақсаруына, медицина саласындағы кадрлық әлеуеттің нығаюына ықпал етеді.

Сурет денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінен

• МӘМС

Қолжетімділік һәм тұрақтылық

Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде елеулі өзгерістер күшіне енді. Жаңартулар халықты МӘМС жүйесімен қамтуды кеңейтуге, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Негізгі жаңалықтардың бірі – сақтандыру жарналарын төлеу тетігінің қайта қаралуы және сақтандырылған азаматтар аясына кіруге қол жеткізу. Енді әлеуметтік осал санаттағы тұрғындармен қатар, уақытша жұмыссыз қалған азаматтар да МӘМС жүйесі арқылы жоспарлы және мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізе алады. Сонымен бірге, бұрын жарналарды тұрақты төлеп келген азаматтар үшін сақтандырылған мәртебені сақтау мерзімі ұзартылды.

– Жаңа жылдан бастап енгізілген өзгерістер ең алдымен науқастардың құқығы мен қолжетімді медициналық көмекті қамтамасыз етуге бағытталған. Жүйе бұрынғыдан да тиімді бола түсті. Уақытша қаржылық қиын-

дыққа тап болған азаматтар да медициналық көмексіз қалмайды, ал, саланы қаржыландыру тұрақты сипат ала бастайды, – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның Қарағанды облысы бойынша филиалының басшысы Фазыл Көпеебаев.

Сонымен қатар, жаңартылған жүйе медициналық қызмет көрсетуі ұйымдар үшін де бірқатар оң өзгеріс әкелмек. Қаржыландырудың тұрақтануы жоспарлы көмекті уақытылы көрсетуге, ал пациенттер ағынын тиімді реттеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бұл өзгерістер халықтың медициналық қызметтен тыс қалу қаупін азайтып, жүйенің әлеумет-



тік әділдігін арттыруды көздейді. МӘМС аясында көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы медициналық ұйымдардағы кезектерді қысқартуға, ал жалпы алғанда еліміз бойынша медициналық көмектің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сарапшылардың пікірінше, МӘМС жүйесін жетілдіру денсаулық сақтау саласын кезек-кезеңімен жаңғыртуға мүмкіндік

береді. Биылғы өзгерістер медициналық қызметті қаржыландырудың орнықты моделін қалыптастырып, халық үшін қолжетімді әрі тиімді денсаулық сақтау жүйесіне жасалған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

Өз тілімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

тапса, оның қадірін біледі. Дайынға үйренген бала ертең қоғамға талап қоюшыға айналады, – деп жалғастырды өз ойын педагог.

Қала тұрғыны Эльнура Бекмаханова баласын жастайынан еңбекке үйреткенін үлгі ретінде ұсынады.

– Балам ақша сұраса, бере салмадым. Жазда жұмыс істеді, студент кезінде қосымша табыс тапты. Қазір ақшаның қалай келетінін, қалай кететінін біледі. Ең бастысы ешкімге масыл болмауды үйретті, – деп атап өтті ол.

Эльнура ханымның айтуынша, бұл әдіс баланың мінезін де қалыптастырған. Көп сөзден арылып, ісіне мығым болып, көбіне пайдалы дүниеге ұмтылатын болыпты.

– Өз еңбегімен табыс тауып үйренген адам мемлекеттен де, ата-анадан да орынсыз ештеңе талап етпейді. Керісінше, жауапкершілікті сезініп, өзін қамтамасыз етіп, жан-жағындағыларға, тіпті, қажет болса, мемлекетке де көмектеседі, – дейді ол.

Сайып келгенде, масылдық – сананы ояту арқылы жеңуге болатын құбылыс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген бұл мәселе қоғамның өз-өзіне қоятын талабының күшеюін қажет етеді.

Әлеуметтік мемлекет – әлсізді асырау емес, әр азаматтың рухын күшейту, бәсекеге қабілетті ету. Ал, рухы күшейіп, өзіне сенімі нық азамат қана әділетті, тәртіпті және өркениетті Қазақстанды құра алады. Жаңғыру жауапкершіліктен басталатынын ұмытпаған жөн.

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

«Әй, осы мен сендей кезімде...»

«Әй, осы мен сендей кезімде...». Мұндай әңгімені алдыңғы толқын ағалардан, әкелерден, аталардан талай естіген шығарсыз. Мысалы, балалық шағы соғыс жылдарында өткен ақсақалдар бергі буынға, ал, бергісі одан бергілерге сын көзбен қарап келеді. Осындай ауандағы сынды ағаларымнан өзім де талай естігенмін. Бір сөзбен айтқанда, ағалардың өзінен кейінгі жас толқынға көңілі тояттамайды. Ойға қалдыратын түсініксіз құбылыс.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әңгімелердің бәрін қорытып, ой түйсеніз, Абылай ханның түсі еске түседі. Абылай хан түсінде құбылаға қарай бара жатса, бір биік аспан зәулім бәйтерек көреді. Мидай далада сол бәйтерекке барса, түбінде бір жолбарыс жатыр екен. Ол жолбарыс Абылайды көре сала, келіп алысады. Абылай да жолбарыспен алысып жүріп, қолындағы қанжарымен ішін жарып өлтіріпті. Оның ішінен бір қасқыр шыға келіп, ол тағы алысыпты. Абылай оны да жеңіп өлтіріпті. Оның ішінен бір түлкі шыға келіп, о да алысыпты. Оның ішінен бір қоян шыға келіпті. Ішін жарғанда оның ішінен бір күзен шыға келіп, о да алысты. Оның ішін жарып жіберсе, қоңыр шолақ тышқан шығады. Міне, көрген түсі осы екен. Бұқар жырау әулие «Бәйтерек көргенің – өзіңнің осы күндегі хандық бақыттың. Өзіңнің жолбарыстай айбатың, хан, салтанатты уақытың. Өзіңнен туған бір балаң аюдай болып туып, өзіңнің хандық орнына тұрып, өзіңдей болып қалмаққа, жауға аюдай болып шабады екен. Онан туған балалар қасқырдай болады екен. Онан кейінгі адамдар түлкідей бірін-бірі алдап, арбап, сұм заманға ие болады екен. Онан кейінгі адамдарға бір көрку, үрку, жебір, жесір тар уақыт болады екен. Одан кейінгілердің көрген уақыты бастарына келетін бір қоңыр шолақ тышқандай болып жүріп күн көретін уақыт болады екен. Заманның ақыры таянғанда адам баласына кездесетін уақыт күзен секілді болар. Аяғы тышқан болып, дүние сөйтіп таусылады-дағы», – деп жорыпты. Өлгі әңгімені айтатын алдыңғы толқын күзен бе, қайсы? Бастысы – мынау жаңа толқын қайсы? Олар өздерінен кейінгілерге қандай сын айтады екен?

Мәселен, өткен ғасырдың өкілдері «Сендердің замандарын оңай. Біз атпен, ат-арбамен шалғайларға апталап сапарлайтынбыз. Телефон, интернет деген болған жоқ. Боран мен аязда, тас қараңғы түнде жылқы бағып, қасқырмен алыстық. Пеш жаусық, отын тасыдық. Сендер ақ саусақсындар. Білім-ғылымды кітапханаларда көз майымызды тауысып жидық» деген әңгімелерін айтады. «30 бен 40 жас аралығындағы толқын цифрлық дәуірде



Сурет: Ж

көз ашып, бұғанасы бекіген «Z» ұрпаққа не дейді екен?» деп ойланып көрдіңіз бе? «Отын тасыдық, жылқы бақтық, кітапханадан шықпайтын едік» десе, сәл шындыққа жанаспайды-ау! Өйткені, дәл осы буын қалалық өмірдің, жаңа ғасыр өркениетінің, соның ішінде ғаламтордың игілігін көрді. Бәлкім, «сендердей кезімізде ақпарат алу үшін әр сілтемеге кіріп, әуре болатын едік. Сендер жасанды интеллектің желкесіне әбден мініп алғансындар» дейтін шығар? Бәрі ықтимал. «Z» ұрпақ өзінен кейін келгендерге не деп сын айтпақ? Айтарына шүбә жоқ. Себебі, толқыннан толқынға жұғатыны анық. Бұлай деуімізге нақты себеп бар.

Алдыңғы толқынның тарапынан түрлі сынды естіп жүріп, «Адамдардың асылы өткен ғасырларда қалған-ау!» деп ойлайтынымыз да бар. Бірақ, олай емес екен. Бұл сөзімізге дәлел Мұхтар Әуезовтің тұтас ғасырды суреттеген әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясында жатыр. Құнанбай Тойғұлының ауылына құда түсіп барады. Алыс сапарға аттанған жігіт Абай жолшыбай тойлы ауылға ат басын бұрады. Елдің марғасқалары, игі жақсылары жиылған бір алқалы жиында «Қаратай өздерінің жас кезін айтты, әкелер заманның еске алып кеп, бүгінгі заманның азғанын, бүгінгі адамның құнарсыз боп, жұтан тартып бара жатқанын айтты» («Абай жолы» роман-эпопеясы. Қияда). Енді Абайдың айтқан жауабына қараңыз. Қаратайдың сөзіне қиғаш қараған Абай «Бұрынғы заманның жақсылығы со ма, қатар отырған бір туысқан елдер бірін-бірі шауып, шанышп, сойқаннан арылмаушы еді. Осы тұрған Сыбан мен Тобықты арасында, Тобықты мен Семей арасында жалғыз-жарым қатынасқа алмаушы еді. Алып кетеді, жұлып кетеді деп, ылғи ғана жасанып жүруші едіңдер... Сол заманда жақсы ма екен?» – дейді. Бұл әңгіме XIX ғасырдың екінші жартысында айтылған. Қаңар отырған туысқан елін шапқан толқынға алдыңғы толқынның да әлдене деп

сынағаны сөзсіз. Жалпы мұндай фрагменттер тарихи романдарда жетіп артылады. Жекесары хан Абылай мен Қасым хандардың заманын, қоғамын аңсайды. Абылайлар мен Қасымдар Жәнібек пен Керейдің, Жәнібек пен Керей Алтын Орданың, Алтын Орда Шыңғыс ханның дәуірін аңсайды. Осылай кете береді. Бұл құбылысқа әлемнің психологтары мен әлеуметтанушылары бас қатырыпты. Ғылыми зерттеулер әрбір ұрпақ өздерінің ерекше әлеуметтік контекстінде өсетінін алға тартты. Бұл олардың дүниетанымын, құндылықтарын және өмірге деген көзқарастарын қалыптастырады. Психологтар мен әлеуметтанушылар ұрпақтар арасындағы айырмашылықты қоғамдағы институттардың (білім беру, отбасы, жұмыс) және технологиялардың өзгеруімен түсіндіреді. Әрбір әлеуметтік өзгеріс өзіндік «мәдени код» қалыптастыратынын, ол басқа ұрпақтарға түсініксіз болуы мүмкін екенін айтады.

Мысалы, америкалық әлеуметтанушы Уильям Штраус пен нейрорепсихолог Нейл Хау өздерінің «Адамдар теориясында әрбір ұрпақ тарихтағы маңызды оқиғалар арқылы әлемді қалай қабылдайтынын түсіндіреді. Ересек ұрпақтар экономикалық дағдарыс, немесе соғыс кезеңдерін бастан өткерсе, олар қазіргі «бақытты» және «еркін» ұрпақтарды түсінбей, оларды жеңіл ойлы деп санайды.

Когнитивті теория және стереотиптер деген бар. Когнитивті психология тұрғысынан адамдар бір-бірін стереотиптер арқылы қабылдаған кезде, көбінесе шын мәнінде олай болмайтындығынан бейсаналық түрде жүзеге асады. Жастарға қатысты стереотиптер, мысалы, «еріншек», «құрметсіз», немесе «жұмыс істеуге қабілетсіз» деген пікірлер оларды төмендетуге, немесе теріс бағалауға әкелуі мүмкін. Психологтар ересектердің когнитивті бұрмалаушылықтарға ұшырауы мүмкін екенін айтады. Бұл «қара-ақ» қағидатымен түсіндіріледі (мысалы, «жастар әрқа-

шан жауапсыз» деген сияқты). Бұл ұрпақтар арасындағы алшақтықты күшейтіп, сынға әкеледі. «Әлеуметтік үстемдік теориясы» (Social Dominance Theory) төңірегінде Джим Сиданиус пен Фелисия Прейердің зерттеулері бойынша, бір топтың екінші топты үстем етуге деген ұмтылысы түсіндірілген. Осы теорияға сүйенсек, ересектер өздерінің әлеуметтік және экономикалық білігінен айырылып қалу қаупін сезінуі ықтимал. Бұл жастарға қарсы кемсітушілік немесе теріс көзқарас тудырады.

Психоанализ тұрғысынан алғанда, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастарды қорғау механизмдері арқылы түсіндіруге болады. «Проекция» механизмі арқылы ересектер өздерінің алаңдаушылықтарын, қорқыныштарын, немесе сөзсіздіктерін жастарға жобалайды. Мысалы, егер ересектер әлемнің күрделене түскенін сезінсе, олар осы сезімдерді жастарға көшіріп, оларды «қабілетсіз» деп айыптайды.

Нейробиология және ми өзгерістері ғылымына сүйенсек, миды зерттеу жас ұрпақ пен ересек ұрпақтың бір-бірін қалай қабылдайтынын түсіндіруге көмектеседі. Әр түрлі жас топтарында нейробиологиялық айырмашылықтар бар. Мысалы, жастарда шешім қабылдау және әлеуметтік әрекет етуге жауапты мидың префронтальды бөлігі белсенді дамуда. Жас өскен сайын бұл қабілет төмендеуі мүмкін. Бұл ересектердің жаңа идеяларды, әлеуметтік нормаларды қабылдауда икемділік танытпайтынын түсіндіреді. Егде жастағы адам миының құрылымы мен мінез-құлық үлгілері көбінесе тұрақты болып қалады. Тұрақтылық жаңа идеяларға бармайды. Жастар, керісінше, өзгерістерге көбірек бейім. Ғалымдар бұл ересектер үшін қауіп ретінде қабылдануы мүмкін екенін де жоққа шығармайды.

облысының пилоттық өңір ретінде белсенді қатысуы, оған бірнеше мың адамның тартылуы бұл бастаманың өміршең екенін көрсетеді. Жақсы үрдіс жалғасын табу үшін не істемек керек, жастарды кітапханада заманауи мәдени кеңістікке айналып, бала мен ата-ананы бірге тартатын орта болуы керек. Мектеп пен отбасы арасындағы рухани көпірді де кітап жалғауы тиіс. Ұлттың ертегі кітаптан басталады. Кітап оқу – жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың зияткерлік қуатын қалыптастыратын басты тетік. Өлемдік тәжірибе де, ғылыми зерттеулер де бір шындықты дәлелдеп отыр: кітаппен өскен қоғам олай алады, салыстырады, таңдау жасайды, жауапкершілік алады. Ал, кітаптан алыстаған ел рухани әлсірейді.

Елімізде қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жобасы – уақыт талабынан туған, стратегиялық маңызы бар бастама. Бұл жоба кітап оқуды сөнге айналдыруды емес, оны күнделікті мәдени нормаға айналдыруды көздейді. Қарағанды

Құттықтау

Құрметті ұстазымыз **Жұмағұл ЖАНБЫРБАЙҚЫЗЫ!** Сізді 80 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Саналы ғұмырыңызды шәкірт тәрбиесіне арнап, ұрпақ болашағына үлгі болған еңбегіңіз – ел есінде, жүректе. Сіздей ұстаздың жолын көріп өскеніміз – біздің үлкен бақытымыз. Шәкірттеріңіздің алғысы мен елдің құрметі – Сізге деген зор ризашылықтың белгісі.

Сексенге келдің, асыл жан, Ұстаздық еткен ғасырдан. Шәкірттерің жүр жан-жақта, Ізетпен басын иеді әрбір таң.

Ұстаздық жолың – нұрлы жол, Сабыр мен еңбек – сізде мол. Өсесің – өмір мектебі, Ұрпаққа қалған үлгі сол.

Жүз жасаңыз, жарқырап, Аман жүріңіз шарқ ұрып. Шәкірттерің әрдайым Жүрсін Сізді мақтан қып! Балалар мен немере-шөберелеріңіздің қызығына кенеле беріңіз! Ұлағатты ғұмырыңыз кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала берсін!

Ізгі тілекпен: **Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылының 1985-1992 жылғы жетекшілік еткен тұлғалары.**

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,600 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: **г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739**

Жаңалық
әрқашан жаныңызда!

https://ortalyq.kz/

Қарағанды облысы әкімінің аппараты бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Сауле Асылхановна Абишеваға орны толмас ауыр қаза жолдасы

Омир Амангосович АБИШЕВТІҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің ұжымы тарих факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Рымбек Мұратұлы Жумашевқа орны толмас ауыр қаза аяулы анасы

Ляззат ҒАБДОЛЛАҚЫЗЫНЫҢ өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті тарих факультетінің ұжымы тарих факультетінің профессоры, т.ғ.д. Рымбек Мұратұлы Жумашевқа ардақты анасы

Ляззат ҒАБДОЛЛАҚЫЗЫНЫҢ өмірден өтуіне байланысты қайғыра көңіл айтады.

Болашақтың өлшемі

Ұлтты ұлт ететін не? Ұлттың болашағының өлшемі – оның рухани денгейі, ойлау мәдениеті, білімге деген көзқарасы. Ал, сол рухани кеңістіктің өзегі – кітап. Кітаптан алыстаған қоғам ойдан жұтайды, ойы жұтан елдің келешегі – бұлдыр.

Соңғы жылдары қазақ қоғамында жастар кітап оқымайды» деген жолбарыс асыпты, «кітаптың орнын телефон басты» деген алаңдаушылық жиі айтылады. Бұл – терең талдауды қажет ететін әлеуметтік құбылыс. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қоғамның басты назары күнкөріске ауып, материалдық құндылық рухани байлықтың алдын орады. Кітап оқу кейінге ысырылды да, кітапсыз өскен ұрпақ қалыптаса бастады. Бұл – біздің елімізге ғана тән құбылыс емес. Дамыған елдер бұл кезеңнен рухани құндылықтарды жоғалтпай өте білді. Мәселен, Ұлыбритания ғалымдарының зерттеуі бойынша, үйінде кемінде 80 кітабы бар отбасында өскен балалардың әдеби сауаты, логикалық ойлауы, математикалық қабілеті жоғары болады екен. Қоғамда жиі айтылатын

«жастар кітап оқымайды» деген тұжырымның астарына үңілесек, себеп көп. Біріншіден, ақпараттық технологиялардың шектен тыс үстемдігі салдарынан қысқа мәтінге, тез қабылданатын ақпаратқа үйренген жас буын терең оқуға төзімсіз бола бастады. Әлеуметтік желі мен бейнеформат ойды үзіп, назарды шашыратады. Екіншіден, отбасылық үлгінің әлсіреуі. Бала кітапты оқуынан емес, ата-ананың әрекетінен үйренеді. Үйде кітап оқылмаса, кітап жай ғана мектеп тапсырмасына айналады. Сондай-ақ, мектеп пен қоғамда кітаптың беделі төмендеді.

Осының алдын алу мақсатында 2025 жылдың күзінде еліміздің үш бірдей өңірінде өзгеше жоба қолға алынды. «Кітап оқитын ұлт» – ұран емес, ұстаным. Алайда, бұл жоба бір реттік шараман шектел-

меуі тиіс. Ол ұзақ мерзімді, жүйелі, ұлттық сипаттағы саясатқа айналуы қажет. Өлем тәжірибесі көрсеткендей, кітап оқу мәдениеті әкімшілік бұйрықпен емес, қоғамдық орта арқылы қалыптасады. Ол үшін кітапханада заманауи мәдени кеңістікке айналып, бала мен ата-ананы бірге тартатын орта болуы керек. Мектеп пен отбасы арасындағы рухани көпірді де кітап жалғауы тиіс.

Ұлттың ертегі кітаптан басталады. Кітап оқу – жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың зияткерлік қуатын қалыптастыратын басты тетік. Өлемдік тәжірибе де, ғылыми зерттеулер де бір шындықты дәлелдеп отыр: кітаппен өскен қоғам олай алады, салыстырады, таңдау жасайды, жауапкершілік алады. Ал, кітаптан алыстаған ел рухани әлсірейді.

Елімізде қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жобасы – уақыт талабынан туған, стратегиялық маңызы бар бастама. Бұл жоба кітап оқуды сөнге айналдыруды емес, оны күнделікті мәдени нормаға айналдыруды көздейді. Қарағанды

Сондай-ақ, реті келіп тұрғанда жеке бастама ретінде жүзеге асып жатқан бір игі істі атап өтпесек болмас. Нұркен есімді кәсіпкер «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының 100 данасын Теміртау қаласындағы «Озат» мамандандырылған мектебіне сыйға тартып, соның негізінде қатысушыларды материалдық жағынан ынталандыратын зияткерлік жобаны қолға алыпты. Алдағы уақытта кәсіпкер тағы бір мектепке дәл осындай көлемде кітап сыйламақшы. Айтқандайын, өткен оқу жылында жаңадан ашылған №28 жалпы білім беру мектебінің құрылтайшысы болған кәсіпкер де мектеп кітапханасына 300 кітапты сыйға тартыпты. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған осындай жеке бастамалардың ар жағында ұлттың болашағын бей-жай қарамайтын ұлтшыл, отаншыл азаматтар тұрғаны анық. Осындай шағын, бірақ қоғамға әсері мол бастамалар балалар мен жастардың оқуға деген қызығушылығын арттырып,

оқырман орта қалыптастырады. Өлем елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, кітап оқыту – тек мектеп бағдарламасымен шектеліп қалмайтын, үлкен қоғамдық, мәдени жоба. Оның үстіне кітапты еліміздің тіл саясатынан бөліп қарауға болмайды. Тіліміздің көсегесін көгертетін де осы қазақша кітап оқитын жастар болмақ. Жастарды кітап оқуға тарту – бұл бір күндік мақсат емес. Бұл – ұзақ мерзімді қоғамдық үдеріс. Ол отбасынан, мектептен, жеке бастамалардан, қоғамдастықтардан басталады. Үлкен жобалар, оқырман клубтары мен түрлі бастамалар – қазіргі қоғамның рухани инвестициясы. Олай болса, кітап оқитын ұлттың негізін бүгіннен қалыптастырайық.

Жұпар ЖАҚАН,
облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі

• ЖАҢА КІТАП

Сөзбен салынған сурет

Өлең өлкесінде өзіндік орнегі бар, ордабұзар отыз жасына әлі жете қоймаған әріптесіміз Қасымхан Ғалымның тұңғыш «Болат болмыс» атты публицистикалық кітабы жарық көрді. Ол Арканың Атымтай азаматтары Бактыбай Жүнісов пен Рамазан Әбділдиннің демеушілігімен Қарағанды қаласының «Гласир» баспаханасынан басылып шығып, 500 данамен тарап отыр.

ERJAN ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, жауапты хатшы болып істеп, қазір республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі қызметін абыроймен атқарып жүрген Қасымхан Бүркітұлының бұл кітабына кейінгі жылдары жазған портреттік топтама-сы енгізіліп, кейіпкерлерінің суреттері де көркем безендіріліп, қоса берілген.

Кезінде: «Үйімізде, төрімізде Портретте тұрған кім?» деп жырлағанымыздай, көнігі суретшінің қылқаламынан туындаған және фотография-тың шырт еткізін түсірген портреттеріндегі жансыз бейнелерге сырттай сүйсініп, қызыға тамашалайтын бол-сак, бұл әдеби портреттердің жөні бөлек. Оларда автор өзі жазу нысанасы етіп алған әр адамның ішкі әлеміне те-рең үңіліп, тағдырына ба-рынша бойлап, жан жүйесі мен әрекетін, айнала орта-мен қарым-қатынасын ашып көрсетіп, тұтас бір образын жасаған. Содан барып жоға-рыдағы жинаққа енген «Болат

болмысты» қырықтан астам кейіпкерінің суретін сөзбен салып, портреттік галерея-сын қалыптастырған деуге болады. Және олардың әрқай-сын кәсіби журналистің ше-берлігімен публицистикалық тілде қапысыз суреттейді.

Қасымхан кейіпкерлерінің қатарында түрлі мамандық пен сан алуан тағдыр иелері, кәсібінен нәсібін тапқан ең-беккөр жандар да, өмірдің қиындығына мойымағандар, егемен еліміздің дамып, өр-кендеуіне үлес қосып жүрген өзге ұлт өкілдері де бар. Сол портреттердің тақырып аясы да, қамтыған географиялық аумағы да кең – бір шеті Ұлы-таудан басталып, Жаңаарқа, Шет, Нұра, Бұқар жырау аудандарын көктей өтіп, қаси-етті Қарқаралы жеріне табан тіреп, тоқтайды.

Қолымызға алып отырған кітап беттері «Жаһанды жаяу шарлаған жиһанкез» қара-ғандылық Асхат Қажытай жайлы суреттемемен ашы-лып, «Шапанына шетел ын-тық» жаңаарқалық шебер тігінші Эльмира Ержанова-

мен түйінделеді. Ал «Бақыт бесігін тербеген ана», «Трак-торшы келіншек», «Анаға да, балаға да қамқор», тағы да басқа суреттемелер алтын құрсакты және темір тұл-парды тізгіндеген аналары-мыз бен «Қасқыр соққан апаларымызға», ісмерқолды, ақ халатты қыз-келіншектер-ге арналса, «Әбеуованың әлемінде» журналист қара-пайым мұғалімнен Ақтағай ауданының әкімі, облыстық Тілдерді дамыту басқарма-сының бастығы қызметіне дейін көтеріліп, зейнетке шыққан Салтанат Әбеуова туралы толғанса, «Намысы биік Наташада» қазаққа келін болып, ұлты орыс болса да, тіліміз бен салт-дәстүрімізді кейбір қандастарымыздан артық біліп, ел арасында талмай насихаттайтын те-міртаулық кәсіпкер Наталья Арыстанованы дәріптеп, басқаларға үлгі етеді. Осы орайда «Атбегі Анатолий» Шет ауданының Әлихан ауылында жылқы өсіріп, ат баптап, бөйгеге қосып жүр-ген Анатолий Гуреев, осы

аудандағы Көктіңкөлі ауылы-ның Саки атанған «Сары қа-зағы» Владимир Ковальчуктің фермерлік шаруашылығын шалқытып қана қоймай, ауыл-дастарына қамқорлығы мен көмегін аямайтын мәрттігі-не риза боласын. Осындай Атымтай Жомарт азаматтар-ды «Баршынның бағланы» Бо-ранбай Мұқанәлиев, «Алтын жүрек» Бактыбай Жүнісов, «Изендіге игілік сыйлаған» Қанат Отарбаевтардың кел-бетінен көреміз. Сондай-ақ, бұл тізімді «Алтынқолды ше-бер» Қылышбек Құрманов, «Фотоөнердің жас өрені» Жангелді Әбдіғалымның есім-дерімен жалғастыра беруге болады.

Ерекше атап өтерлігі, автор кітабындағы жастай көз жана-рынан айырылса да, «Аңыз атанған автомеханик» Бөрібай Ысқаков пен «Толқынға қарсы жүзген» Сапарбек Жақұдин-нің тағдыр тауқыметіне мой-ымай, жасап отырған бүгінгі тірлігіне таңдай қағып, тәңті болмасқа амал жоқ.

Айта берсе, әңгімеміз мұ-нымен таусылмайды. Ол үшін осы «Болат болмыс» кітабын бастан аяқ оқып шығу керек. Әсіресе, Қасымхан Ғалым-ның тақырыпты таңдай біліп, оны қысқа да нұсқа жазып, мазмұнын да шебер ашып, алып шығуы өзінен кейінгі буынға өнеге болуға тұрар-лық. Біздің жазбамызда тыр-нақшаға алынып, берілген жолдар да осы кітап кейіпкер-лерін сипаттаған тақырыптар-дың атауы болып есептеледі. Ендеше «Болат болмысымен» белгілі болып, бағасын алып жатқан Қасымхан бауырымыз шығармашылық жолында жүрісінен жаңылмай, оқыр-мандарын жаңа туындыла-рымен тамсандыра берсін!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒЗЫМ

Жүректегі мөлдіреген естелік

Қазақ Қасымын – дауылпаз, Мұқағалиын – Мұзбалақ, ақиық деп әлпеш-теді. Серік Ақсұңқарұлын «Айбоз ақын» деп төбесіне көтеріп келеді. Бұл атақтың мөрі патшалардың қолында емес, қасиетті халықтың жүрегінде. Кеше ғана фәниден бақиға озған Қайрат Асқарға қалың оқырманы мен қаламдас-тары, замандастары «Мөлдір ақын» деген атағын беріп қойғалы қашан. Жайық Бектұров атындағы кітапханада оқырманы, замандас, қаламдас-тары мөлдір ақынын туған күні қарсаңында еске алды.



ERIK NARYIN,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітапханадағы кештің алдында Қай-рат Асқардың ата-анасы, аяулы жары мен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы филиалының төрағасы Жа-нат Жаңқашұлы және ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Руслан Нұрбай бастаған бір топ қауым марқұм-ның зиратына барып, рухына құран бағыштады.

Кітапхана төріндегі еске алу кешінде Қайрат Асқардың шығармашылығы ту-ралы түсірілген «Поэзия әлемі» бағдар-ламасынан үзінді көрсетілді. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу

университетінің студенттері ақынның өлеңдерін оқыды. Бір кезеңде ауылын сағынған ағайынның жүрегінен орын алған «Ауылға кетем мен ертең» әнін Ержан Базарбеков орындады. Бұл өлеңді Қайрат Асқар 16 жасында жазған екен. Кейін белгілі өнертанушы, сазгер, әнші Ерлан Төлеутай әнін жазған.

Еске алу кешіне қатысқан ата-ана-сы және жақын туыстары Қайрат Асқар турасында естеліктерімен бөлісті. Сөз сөйлегендердің барлығы дерлік ақын-ды «аңқылдаған, көңілі дархан, әрқашан күлімдеп жүретін азамат еді» деп еске алды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

Жүлдегерлер атанды

Қарағанды қаласында грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында өткен облыс біріншілігінде Қарқаралы ауданының бірнеше балуаны жүлделі орынға ие болды.



ERMOK BALTASHULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, U17 жас са-наты бойынша 110 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Давронбек Тожибаев ІІІ орын, ал, 80 келі сал-мақта Сүлейман Төлеубай ІІ орын иеленді. Бұл спортшыларды жа-рысқа дайындаған жаттықтырушы Қайырбек Әлиев. U23 жас санаты бойынша өткен жарыста 72 келі салмақ дәрежесінде Татан ауылы-

ның балуаны Нұрлыбек Хамза ІІІ орынға ие болды. Бұл спорт-шы Қарағанды облыстық спорт мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы екен.

СУРЕТТЕ: грек-рим күресінен облыстық біріншілікте жүлдегер атанған қарқаралылық балуандар

• САМБО

Самбошылар жарап тұр

Теміртаудағы «Жауыр-тау» спорт кешенінде сам-бодан облыстық чемпионат өткен болатын. Оған елдің түпкір-түпкірінен 18 жастан асқан 200 спортшы қаты-сты. Балуандар 58 келіден +98 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, өз-ара кіл мықтыны анықтаған. Қарағандылық самбошылар жыл басын дәл осы бәсеке-ден бастап, жеңіске жетті. Әрі ел чемпионатына жолда-ма да еншіледі.

ERBOL ERBOLAT,
«Ortalyq Qazaqstan»

64 келіде белдескен Жандос Бейсембаев, 58 келідегі Әділет Елемесов, 71 келідегі Бекзат Шо-рабаев қарсылас шақ келтірмей, облыс чемпионы атанды. Со-нымен қатар, 79 келіде Ниетхан Төлеухан, 88 келідегі Марлен Жанғабыл мен +98 келідегі Болат



Сапар да өз салмағының үздігі атанды.

– Бұл турнир ақпанның ор-тасында Қарағандыда өтетін Қа-зақстан чемпионатына іріктеу еді. Үмітіміз ақталды. Енді ел бірін-

шілігінде облыс намысын қорғай-тын спортшылардың қатарында әлем чемпионатының жеңімпазы Ниетхан Төлеухан мен қола жүл-дегер Жандос Бейсембаев бар. Одан бөлек, бұған дейін Ұлттық

құрама сапында жүрген бірнеше спортшымыз да жолдама еншіледі. Ел біріншілігінде өңір намысын қорғайтын спортшылардың осалы жоқ. Жүлде алып, өңір намысын лайықты қорғайды деп сеніммен айта аламыз, – деді облыстың аға бапкері Дәурен Адамбаев.

Биыл қарағандылық самбошы-лар Қазақстан құрамасы атынан әлем чемпионатына қатысуды жоспарлап отыр. Жарыс қараша-да Өзбекстанның Самарканд қаласында өтеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар, қарағандылықтар маусым айында Қашағай су қоймасында өтетін жағажай сам-босынан ел чемпионатына да қатысуды көздеп отыр. Одан кейін Бразилия елінде әлем чемпионаты да өтеді. Өңір спортшылары сол чемпионаттың жолдамасы үшін бар күшін салмақ.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жерлестер Азия чемпионатына әзір

Астанадағы жеңіл атлетика ғимаратында Қа-зақстан Республикасының XXXV чемпионаты өткен болатын. Байрақты бәсекеде облыс атынан сынға түскен қарағандылықтар қоржынға 20 медаль сал-ды. Оның тоғызы – алтын, төртеуі – күміс және тоғы-зы – қола жүлде. Одан бөлек, бағдарламаның жеке-леген түрінен бірнеше спортшы жеке рекорд орнатты.

Аталған ел чемпионаты Қытайда өтетін жабық Азия чемпионатына іріктеу турнирі еді. Осы турнирде облыс атынан сынға түскен бірнеше спортшы ұлттық құрама сапына енді. Алдағы уақытта жерлестер ұлттық құрамамен бірге аспан асты еліне аттанады. Атап айтсақ, Вита-

лий мен Аделина Земс, Анна Шумило, Дэвид пен Мария Ефремова, Милана Зу-барева, Алина Чистякова және Кристина Овчинникова сынды білікті спортшыла-рымыз ел намысын қорғауға дайын.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс өкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqda Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісулы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ИЛИЯШ <td> Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтағай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 </td> <td> Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru </td> <td> Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Таралымы 3 969 №4 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сетбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН </td>	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтағай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Таралымы 3 969 №4 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сетбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
--	---	--	---